

11 - лекция

Өнім сапасын басқарудың фазасы

Қысқаша мазмұны

Өнім сапасын басқарудың фазасы ретінде кез келген басқару және басқару шешімдерін ойлап тауып, оларды қолдануға негізделеді.

Өнім сапасын басқару кезінде басқару объектілері болып өнімді жасаудың өндірістік және өндіріске дейінгі кезеңдерінде, сонымен қатар, өндірістен кейінгі кезеңдерінде жүргізілетін және ұйымдастыратын өнім сапасы тәуелді болатын үрдістер болып табылады. Өнімнің сапа көрсеткіштері мен параметрлері мәнін регламенттейтін нормативтік құжаттар /өзірлеу үшін техникалық тапсырыстар, стандарттар, техникалық шарттар, сызбалар, жеткізу шарттары және т.б./ болып табылады. Өзірлеу процестері, өндіріс, өнімді эксплуатациялау немесе тұтыну талаптарын белгілейтін техникалық құжаттарды өнім сапасын басқару бағдарламасы ретінде қарастырған жөн.

Басқару бағдарламасы талаптары сақталуына немесе осы талаптардың жіберілетін ауытқуларға байланысты басқарылатын процестердің жағдайының сақталуына немесе осы жағдайды түзетуге бағытталуы тиіс.

Процесс өнім сапасын басқару кезінде басқару объектісі болып табылады және ол өнім сапасына әсер етеді.

Сапа басқару процесіндегі көптеген сарапшылардың пікірі бойынша қазіргі уақытта сапаны басқару келесілерді талап етеді:

- әр компания өзінің балансындағы сапаға кеткен шығынға көңіл бөлуі керек;
- әрбір жұмысшы өнім сапасын жақсартудағы өзінің ролін анықтауды және де сапа бұл тұтынушыларды қанағаттандырушы белгісін қажеттікке жарамдылық дәрежесі екенін білуі керек;
- өнімнің немесе қызметтің дер кезінде жеткізілетініне және оның сапасының жоғары болуына сенімді болуы керек.

12 - лекция

Сапа шығындарын есепке алу және талдау

Қысқаша мазмұны

Сапаға байланысты шығындарды 3 топқа жіктеуімізге болады.

Өнімнің шығу процесі, өнімнің құны(бағалануы) жатады.

1 топ. Өнімнің ақауының болуын сипаттайтын топ. Яғни, өнімнің қайта жөнделмеуі, жарамсыздығы, оны қайта өңдеу немесе ақауы бар өнімді түзету, екінші рет сынау және бақылау, жөндеуге кеткен шығындар.

Сапа шығындары мынадай болып бөлінеді:

а) сапаны қамтамасыз етудегі шығындар;

б) сапаны бекітудегі шығындар.

Сонымен, сапаны қамтамасыз етудегі шығындар мыналар болып табыларды:

1. ақауларға байланысты шығындар;
2. бақылаудағы шығындар;
3. ақауды азайтудағы шығындар.

Ал сапаны бекітудегі шығындар қатарына мыналар жатады:
сапаға жарнаманы енгізу шығындары;

сапа жүйесіндегі өнімнің сертификатының құндылығы.

2 топ. Бақылаудағы шығындар, ақаудың болуы, болу себептері, оларға талдаулар жүргізу, сападағы шығындарға метрологиялық қамтамасыз етулер бойынша мағлұматтар жинау.

3 топ. Ақауды болдырмау, ақаудың пайда болуын ескерту, өнімдерді техникалық қамтамасыздандыру, өзгертулер енгізу және технологиялық құжаттар, өндірістік ортадағы басқа да құжаттар.

Өнімдегі ақаулар

МемСТ 15467 стандартқа сәйкес, «ақау» терминіне келесі анықтама беріледі, қойылатын талаптарға өнімнің әр бөлек сәкестілік еместігі. Ақау деген термин өнім сапасын жасау және жөндеу кезінде бақылауды қолданылады.

Ақау келесідегідей сұрыпталады:

- Өнім сапасына әсеретумен;
- Анықтау мүмкінділіген қарай
- Жою мүмкіндігі бойынша
- Пайда болуына
- Таралуына қарай

1 Өнім сапа әсеріне байланысты:

- Критикалық ақау- мұнда бұйымды қолдануға болмайды;
- Көрнекті ақау – бұйым мәңгі бақилығына әсер етеді
- Көрнексіз ақау – бұйым мәңгі бақилығына әсер етпейді.

2 Анықтау мүмкіндігіне қарай:

Анық ақау – оны анықтауға арналған нормативтік құжаттар бойынша, осы бақылау түріне міндетті, оған сәйкес ережелер, әдістер және құралдармен қарастырылған ақау. Ақаудың бұл түрін сырттай қарау арқылы, өлшеу және бақылау құралдары көмегімен немес бақылау бұйымын ажырату арқылы анықтауға болады.

Жасырылған ақау – оны анықтауға арналған нормативтік құжаттар бойынша осы бақылау түріне міндетті, оған сәйкес ережелер, әдістер және құралдармен қарастырылған ақау. Ақаудың бұл түрі өнім тұтынушыға түскенде немесе қосымша бақылауда анықталуы мүмкін.

3 Жою мүмкіндігіне қарай:

Жойылатын ақаулар – жойылуы техникалық және экономикалық жағынан мүмкін ақаулар.

Жойылмайтын ақаулар – жойылуы техникалық және экономикалық жағынан мүмкін емес ақаулар.

4 Пайда болуы бойынша:

Олар шикізаттық, технологиялық, сақтауда, пайдалануда және т.б. пайда болады.

5 Таралуы бойынша:

Жергілікті ақау – бұйымның кішкене бөлігін алатын ақау.

Таралған ақау – бұйымның біраз бөлігін алатын ақау.

Өнімнің белгісі – өнімнің әртүрлі қасиеттерінің немесе жағдайларының сапалық және сандық сипаттамасы.

Өнімнің параметрлері – қасиеттерін немесе жағдайларын санды сипаттайтын белгісі.

Сапа бойынша өнімдердің бөлінуі

МемСТ 15467 сәйкес өнімдерді сапасына қарай былайша бөледі:
жарамды, кемістілікті, және ақаулы.

Жарамды өнім – ол абрлық бекітілген талаптарды қанағаттандыратын өнім.

Кемістілікті өнім – ол қойылған талаптарға әрбір жеке бір сәйкестілік еместігін айтады.

Ақаулы өнім - ақауы бар болғандықтан, оны тұтынушыға беруге болмайтын өнім.

Ақаулар дұрысталатын және дұрысталмайтын болып екіге бөлінеді:

Дұрысталатын ақау, ол анықталғаннан кейін келтірілетінді айтады.

Дұрысталмайтын ақау, ол анықталғаннан кейін келтірілмейтінді айтады.